

Осы жұрт Ақтұрсынды біле ме екен?...

Қыз-Күләш, гүл-Ғазиза сайран еткен,
«Айхойы» Ақтұрсынды айға жеткен.
Бейіштің гүлзар бағы - Байғабылда.
Дәуірдің үш бұлбұлы сайрап өткен.

автордан

Мен ол кісіні биыл күзде кездестірдім. Қала ішіндегі қарбалас тар жолда қарсы келіп қалдық. Қарсы алдымда жүзі жылы күлімдеген бір жан тұрды. «Түсі келгеннен түңілме» деген. Қайдан көрдім?!

-Апай, мен сізді танып тұрмын. Бірақ есіме түсіре алмай тұрғаным,-дедім ыңғайсызданып.

-Мен Ақторға апайымын ғой,-деді, түсіндегі жылылықты өзгертпей.

-Саламатсыз ба, апай? - деп, өте бердім, шынымен жыға танығандай.

Былай шыға есіме түсіруге тырыстым. Е, сахнадан көрген екем ғой. Бұл атақты әнші Ақторға Әбілова ғой. Жақыннан бірінші көруім. Бәсе, жүрегі жылы, өнер адамы екені бірден-ақ байқалып тұр. Бұл кісі жайлы Ақтұрсын апамыз жөні айтатын еді. Екеуі 1970 жылы концерттік бағдарламамен Алматыға бірге барған екен. Егер аяғынан жүре алса, Ақтұрсын апай да «Қазына» ансамблінің құрамында өнерпаздардың жуан ортасында жүрер еді-ау!

Ансамбльдің 10 жылдық есепті концертінде бұрын құрамда болған танымал өнерпаздар Елубай Садықовты, Қазыбек Кюпты, Ықылас Ғұбайдуллинді, Қайыркен Хамзинді, Жақсылық Ақышевты «Сахна сағынышына» балап, 1 минуттық үзіліс жасап, еске алғаны бар еді.

Осы жұрт Ақтұрсынды біле ме екен?-деген ой келді маған.

Қаланың қабат-қабат зәулім үйлерінің бірінде қайрансыздан арбаға таңылып, ескерусіз қалғаны ма?..

Аяқ-қолы сауда оның атқарған

істері, еткен еңбегі, өнер жолындағы жеткен жетістігі қайсымыздың қолымыздан келіп еді. Оның бойындағы туа бітті әншілік дарын, ол жүрген думанды орта, ол шыққан биік-биік мінбелер мен тыңдаушысын желтіңдіріп, желіктіріп жіберетін сазды сахна ешкімнің есінде қалмады ма екен?...

Бәлкім, бірнеше мыңдаған халқы бар, қайтаған тірлік кешіп жатқан мына қалада біреуді біреудің білуі міндетті де емес шығар. Бірақ, біз ше?.. Біз оны білеміз ғой. Ардагер ұстаздың ақжарма көңілі әріптестері мен заманауи қоғамда жаңаша өмір сүріп жатқан байырғы замандастары оған көз жұма қарай аламыз ба? Жоқ!

1960 жылы Байғабыл жеті жылдық мектебін үздік бітірген небәрі 14 жастағы балауса қыз ауылдас апалары Тыныштық Төкенқызы, Әминә Сармановалардың ізімен арман қуып, Меңдіқарадағы мұғалімдер училищесіне түседі. 1964 жылы өзі түлеп ұшқан Байғабыл орта мектебіне ұстаз болып оралады.

Жеткіншектерге тағылымды тәрбие бере жүріп, өзі де өнерден қол үзбейді.

Ауыл сахнасынан басталған оның әншілік жолы аудан, облыс, тіпті сол кездегі ел астанасы - Алматыға дейін жалғасады. Белгілі музыка мамандары Төкен Елтебаев, Аманбай Мұқышев, Мейрамхан Қалышев, Айтбай Мұдаханов, Жумағали Өмірбектерден үлгі-өнеге ала жүріп, майталман өнерпаздар Тоқбай Тұрманов, Нәжібек Оспанов, Қабдыраш Тоқатов, Ақангүл Қалмуралина, Алтын Абылова, Сапар Әбенөвтермен бірге аудан өнері мен мәдениетін көтеруге бір адамдай үлесін қосты.

Танымал өнерпаздың ұстаздық жолда жеткен биік белестері өзінше бір төбе.

70 жылдары бастауыш сыныптардың үздік мұғалімі ретінде Ақтұрсынды іс-тәжірибесі аудан, облыс көлеміне кеңінен таратыла



бастайды.

1970 жылы Керекуде 15 республиканың өкілдері қатысқан халықаралық семинар-кеңесте көлемді баяндама жасап, көкте түседі. Сол уақыттан бастап білікті маман республикаға танымал қазақ тілінің авторы Қанниа Бігібаеваның назарына ілігеді. Қанниа апай 1971 Алматыда өткен үлкен форумда Ақтұрсынды іс-тәжірибесін қала мектептеріне тараттырып, қазақ тілді мектептерде ашық сабақтар бергізеді. Осындай ірі-ірі республикалық деңгейдегі семинар-кеңестер 1972 жылы Кентауда, 1980 жылы Түркістанда және сол кездегі Торғай облысына қарасты Жарқайың ауданында өткізіледі.

1980 жылы Ақтұрсын Әжібаева «Қазақстан Республикасының халыққа білім беру ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен марапатталады.

Сол кезде Байғабыл орта мектебі - В.И. Ленин атындағы мектеп-интернат дәрежесіне көтеріліп, облыстағы санаулы тірек мектептерінің біріне айналған. Ұжымда одақтық білім беру ісінің үздігі - Құланбай Теміров бастаған Жүмекен Әлме

нов, Қаражан Бекбауылов, Таләу Нұрманов, Шәкір Әлмағанбетов, Тойындық Әбішүкірова, Міржақып Нұркенов, Кәрімжан Нұрмұханов, Жақсылық Ақышев, Еркін Жүсіпов сынды озық тәжірибелі ұстаздар армиясы бар болатын.

Ақтұрсын 1986 жылы «Аға мұғалім» атағына лайық деп табылып, Байғабыл орта мектебі жанынан Қанниа Бігібаеваның қолдауымен «Ақтұрсын Әжібаева» атындағы атаулы бастауыш сынып мектебі бой көтереді. 1997 жылы «Халық мұғалімі» атағына ұсынуга дайындалып жатқан кезде кенеттен денсаулығы сыр беріп, сал ауруына шалдығады. Ағарту саласындағы дарабоз дарын иесінің дара жолы өткелсіз ауыр кедергіге тап болады. Тағдыр Нұрмұхановтар жанұясын Арқалық қаласына қоныс аударуға мәжбүр етеді.

2014 жылы Ақтұрсындының құдай қосқан қосағы, отбасының тірегі, ұстаз, ақын, сазгер, өз ортасына кеңінен танымал азамат Кәрімжан Нұрмұханұлы ұзақ созылған науқастан өмірден озады. Туысынан қайратты, тағдырдың талай телерішіне шыдай білген қайсар апа тәңірдің бұл сынын да қанша ауыр болса да асқан сабырлықпен қабылдайды.

Екеуінің өмірге әкелген алтындай ұл-қыздарының тілеуін тілеп, шөбересінің қолынан су ішіп отырған жайы бар. Ол бірінен-бірі айнымайтын зулап өтіп жатқан сұрықсыз күндерде, қаңіліне жұбатып болып, әрдайым жанынан табылатын жан құрбылары Орынша Әбдірахманова, Бәтін Аренова, Күнарла Сейілханқызы сияқты шексіз ризашылығын білдіреді.

Біз ардагер ұстаз-ананың денінің сауығып, ұл-қыздары мен немере-шөберелерінің қызығын көре беруіне шын жүректен тілектеспіз!

Молдатай ЖАПАРУЛЫ,
қалалық ардагерлер
ұйымының төрақа мүшесі.